

кезеңде, тіпті, Ұлы жүздің кейбір өкілдері Ресейге өзі сұранып бағыныштылыққа қабылдауды жиі өтінетін болды. Бұл жағдай оңтүстік қазақтарының Орта Азия хандықтарының, әсіресе Қоқан хандығының күшейген қысымынан қатты зардап шегіп отырғанын көрсетеді. 1822 жылғы реформа қазақ даласында XVIII ғасыр бойы жалғасқан халықтық қозғалыстар мен толқулардың тарихи сабақтастығын айқындап, кейінгі оқиғаларға тікелей алғышарт жасады.

Бұл реформа империяның отарлық мүдделерін іске асыруға арналған негізгі құралдардың біріне айналды: әскери - бюрократиялық аппаратты күшейту, халықты бақылаудың жаңа тетіктерін енгізу, жер мен салық саясатын қайта бейімдеу арқылы қазақ даласын біртіндеп империялық кеңістікке енгізу көзделді. Сонымен қатар өзгеріс қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымына да әсер етті. Көшпелі шаруашылықты реттеу формасы қайта қаралып, жерге иелік ету мәселесі империяның талаптарына сай түзетілді. Сауда қатынастары мен алым-салық жүйесі жаңаша экономикалық қатынастардың қалыптасуына ықпал етті. Әлеуметтік жағынан реформа ішкі қоғамдық қатынастарды өзгертіп, рулық басқару институтының әлсіреуіне, ал оның орнына патша әкімшілігіне тәуелді жаңа топтың қалыптасуына жол ашты. Жергілікті халықтың мүддесі мен дәстүрлі құқық нормалары ескерілмей, империялық саяси-әкімшілік мақсаттар басым қойылды. Соның нәтижесінде қазақ даласында отарлық қысымға қарсы наразылық қозғалыстарының күшеюі байқалды.

Осылайша 1822 жылғы реформа Қазақ жерінің XIX ғасырдағы отарлану тарихында шешуші орын алады. Ол ұлттық мемлекеттіліктің негіздерін әлсіретіп, дәстүрлі басқару жүйесінің күйреуіне түрткі болды және елдің саяси-әлеуметтік дамуына ұзақ мерзімді ықпал етті. Аталған реформа хандық билікті түбегейлі жойып, қазақ қоғамын Ресей империясының орталықтандырылған бюрократиялық басқару жүйесіне кезең - кезеңімен кіріктіруді көздеді. Нәтижесінде ғасырлар бойы көшпелі қоғамдық-саяси құрылымның тірегіне айналған чингизид ақсүйектері өздерінің бұрынғы артықшылықтары мен ықпалынан айырылды. Империялық әкімшілік қазақ элитасын енді тең дәрежедегі саяси күш ретінде емес, тек мемлекеттік қызметке жекеше негізде тартылатын әлеуметтік топ ретінде қабылдады. Сперанскийдің жүргізген реформасының тарихи мәні - оның қазақ даласындағы хандық билікті жоюға бағытталған алғашқы ірі қадам болуы. Бұл өзгерістер қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына, саяси көзқарасына және дәстүрлі басқару жүйесіне ұзақ мерзімді ықпалын тигізді. Осы себепті 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» қазақ мемлекеттілігі тарихындағы аса маңызды бетбұрыс кезеңдердің бірі саналады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ермекбай Ж. А. Устав о сибирских киргизах 1822 г. и казахи Среднего жуза // Известия Иркутского государственного университета. Серия История. 2022. Т. 41. С. 7-13. <https://doi.org/10.26516/2222-9124.2022.41.7>
2. Чибиряев А.С. Великий русский реформатор. Жизнь, деятельность, поли. Взгляды М.М.Сперанского. - М.: Наука 1989. -216 с.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. - Алматы: «Атамұра», 2002. - 768 бет, суретті, карталы.
4. Бекмаханов Е. «Казахстан в 20 - 40 -е годы XIX века»: Учебник - Алма-Ата: «Қазақ университеті», 1992 г. 400 с.
5. Акимбеков С. Казахстан в Российской империи. - Алматы: ТОО «Институт Азиатских исследований», 2018. - 562 с.

### **РЕСЕЙ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ РӨЛІ**

**Қалман Ж.А.**

Ғылыми жетекші: Қоскеева Әсемгүл Мұратқызы,  
С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ қауым. проф. м.а., PhD доктор.  
[koskeeva@mail.ru](mailto:koskeeva@mail.ru)  
Астана қ.

Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865) - қазақтың ұлы ғалымы : ориенталист, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы, демократ. Шын аты - Мұхаммедханафия, әжесінің бала күнінде «Шоқаным» деп еркелетіп айтуымен, «Шоқан» аталып кеткен. Туған жері - қазіргі Қостанай облысындағы Құсмұрын көлінің жағасы. Арғы атасы - қазақтың ұлы ханы - Абылай, Шоқан оның

шөбересі. Өз атасы Уәли де хан болған. Ал әкесі Шыңғыс Қазақстанда хандық жүйе жойылып, аға сұлтандықтың енгізілуіне байланысты, аға сұлтан лауазымын иеленген.

Шоқан араб, шағатай тілдерін меңгерген және оны әкесі сол кезде Сібірдегі ең таңдаулы оқу орны деп есептелінетін Омбы кадет корпусына береді. Зерек те зерделі Шоқан мұнда «екі-үш жылдан кейін-ақ өз сыныптастарынан ғана емес, өзінен екі жас үлкендердің сыныбындағыларды да басып озып шығады». Ол осында белгілі шығыстанушы ғалым И.Н. Березиннің тапсырмасы бойынша Тоқтамыс ханның «Жарлығына» талдау жасайды. Бұл оның алғашқы ғылыми еңбегі еді. Жастығына қарамай, оның білімдарлығын, әсіресе шығыс әдебиеті мен тарихын жақсы білетіндігін сол кездегі орыс ғалымдары да жоғары бағалап, мойындай бастаған болатын.

Кадет корпусын бітіргеннен кейін Шоқан Батыс Сібір генерал-губернаторының кеңесінде қалдырылады. Ол 1855 жылы Ұлы жүзді Қоқан хандығының ықпалынан шығарып, Ресейге қосу бағытында жұмыс істеу үшін ұйымдастырылған экспедицияға қатысып, Семей, Аягөз, Қапал арқылы Іле Алатауына дейін келеді. Осы сапарында қазақ, қырғыз ауыз әдебиетінің үлгілерін, тарихы мен этнографиясының материалдарын жинап алады. Бұл еңбегін жоғары бағалаған генерал Г.Х. Гасфорт оны наградаға ұсынады, әскери лауазымы бір сатыға жоғарылап, поручик атағын алады. Келесі жылы М.М. Хоментовский басқарған әскери-ғылыми экспедицияға қатысып, қырғыз елін жете зерттеп, Ыстықкөл аймағының картасын жасады. «Манас» жырын жазып алып, Іле өзенінің басындағы Манас жорық жасады деген жерлерді барып көреді. Сібір мен Тянь-Шань арасында көшіп жүрген қырғыздар Алатаудың автохтонды ежелгі тұрғындары екенін тарихта тұңғыш рет анықтап береді. Қырғыздардың көне тарихы жөнінде жазған географ К. Риттердің, А. Гумбольдтің, шығыстанушы ғалымдар Шотт пен Клапроттың еңбектеріне сын айтады, тарих, география саласындағы даңқты Петербург ғалымдарына да жетіп, жиырмадан жаңа асқан жас Шоқанды Орыс Географиялық қоғамының толық мүшесі етіп сайлайды [1, 34 б].

Шоқанның Қашқарияға сапары ғалымдық, ағартушылық саласындағы еңбегінің жаңа белеске көтерілуіне жол ашты. Қоқан хандығының Қашқардағы консулы әрі саяси резидентінің көмегімен Қашқардың экономикалық-саяси құрылымын зерттеп, бұл халықтың тарихы мен этнографиясынан көптеген материалдар жинайды. Қашқар сапарынан «Алты шаһардың, яғни Қытайдың Нан - Лу провинциясының шығыстағы алты қаласының жайы» атты еңбегі дүниеге келеді. Бұл Шығыс Түркістан халықтарының тарихына, әлеуметтік құрылысына арналып сол заман ғылымының биік деңгейінде жазылған әлемдегі тұңғыш зерттеу жұмысы еді. Ұзамай ол Германияда, Англияда жарияланады.

Қазақтың аса көрнекті ғалымы және ағартушысы Шоқан Уәлихановтан мол әдеби мұра қалды. Өзінің тым қысқа өмірінің ішінде ол Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тарихы, географиясы мен этнографиясына арналған бірсыпыра еңбектері мен қоғамдық-саяси тақырыптағы толып жатқан шығармаларын да жазып үлгерді. Шоқан терең энциклопедиялық білімі бар, өз заманындағы ғылымда бір қатар мәселелерді жаңаға көтере білген кемелді ірі ғалым еді [1, 56 б].

Шоқан аса көрнекті орыс және шетел ақындары мен жазушылары А. Пушкиннің, М. Лермоновтың, Н. Гогольдың, Ч. Дикенстің және басқалардың шығармаларын зор сүйіспеншілікпен қызыға оқып танысқан, олардың еңбектерімен сусындаған.

Уәлихановтың орыстың көрнекті жазушыларымен, ғалымдарымен жазылған хаттары қазақ әдебиетінің тарихы үшін ерекше маңызды. Оның хаттары мен күнделіктері публицистикалық дарыны айқын аңғарылады. «Егер қырғыз халқының арасында Шоқанды оқи алатын орта болса, ол өз халқының кемегері, өз елі әдебиетінің қайта өркендеуінің басы болар еді» [2, 99 б] - деп жазды Г.Н. Потанин.

Шоқан Уәлихановтың саяси-әлеуметтік, философиялық көзқарастары тарихи аса бір күрделі кезеңде қалыптасты. Өткен ғасырдың 40-60 жылдары жүз жылдан астам уақытқа созылған Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылу процесінің аяқталып келе жатқан кезі болатын. Алайда бұл бір қалыпты, жайбарақат процесс емес еді. Қазақтың феодалдық аристократиясы өзінің правосы мен үстемдігіне нұқсан келеді деп қауіптеніп Россияға қосылуға кедергі жасап бақты. Кенесары Қасымов көтерілісі, феодал-бай үстемдердің басқа да қарсылық әрекеттері реакциялық сипат алды, сөйтіп Қазақстанды Россиядан айыруға бағытталды. Бірақ жалпы халық орыс пен қазақ халқының арасында байланысты нығайта түсуге әрекеттенді, орыс халқының көмегімен оның озық мәдениетінің арқасында қараңғылықтан арылатынына, патриархалды-феодалдық езгіден құтылатынына, сөйтіп жақсы өмірге қолы жететініне сенді. Шоқан бұл кезең туралы: «Қазір ескі мен жаңаның арасында бірден байқала қоймайтын, бірақ өте қатал күрес жүріп жатыр. Бірі мұсылмандық шығысқа, екіншісі орысқа еліктейді», [2, 101 б] - деп жазды.

Шындығында шеткі ұлт аймақтарының экономикалық және саяси өрістеуіне маңызды түрде әсер ететін уақиғалар Россияның ішінде де өтіп жатқан болатын. Өткен ғасырдың ортасында крепостниктік кризиске байланысты Россияда саяси және идеологиялық күрес шиеленісе түсті. Халық бұқараларының күресі күшейе түсуіне байланысты Россияда крепостниктік системаны жойып, демократиялық бағыт алу мәселесі күн тәртібіне қойылды. Қазақстандағы, сондай-ақ Россиядағы саяси жағдайдың шиеленісе түсуі Ш. Уәлихановтың көзқарасына әсер етпей өте алмады. Сондықтан да оның шығармаларында қазақ халқы өмірінің ең жанды мәселелері сөз болады, ол халық тауқыметін жеңілдетудің жолын іздейді. Ол қазақ халқының, Россияның басқа да халықтарының тағдырына тебіренеді.

Жарияланған шығармалары мен архив материалдарын социологиялық талдау Уәлихановтың саяси-әлеуметтік көзқарасы самодержавиелік-крепостниктік құрылысқа, патша үкіметінің колонизаторлық саясатына қарсы күресуші Россиядағы прогрессивті демократиялық лагердегілердің көзқарасымен сәйкес екенін көрсетеді. Шоқан Уәлиханов прогресті қолдаушы, демократиялық бағытты мақұлдаушы, өз қоғамының зиянды жақтарын жоюға қызу атсалысушы болды. Уәлиханов қызметі ағартушылық сипатқа ие, бірақ соның өзінде кезіндегі қоғамдық құрылысты сынау элементі басым түсіп отырады. Оның еңбектері қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік құрылысына айтарлықтай өзгеріс ендіру ниеті болғанын бірден аңғартады. Осының бәрі бізге Ш. Уәлихановты ағартушы-демократ, өз елінің үлкен патриоты, толық мәніндегі гуманист деп атауға право береді.

Ш. Уәлиханов шығармаларында қазақ қауымының бұдан бұрынғы тарихи өркендеу жолы туралы ойлары жібек арқау болып тартылып отырады. Ол қазақ аристократиясының саясаты елін Россиядан айыруға бағытталғанын және оның қазақ халқын күйреуге әкеп тірейтінін, сөйтіп феодалдық ортағасырлық мешеулікті сақтап қалатынын, ақыр соңында қазақ халқын прогреске келуге аса зор кедергі жасайтынын жақсы түсінді. Сондықтан да Ш. Уәлиханов қыршындай жас кезінің өзінде-ақ қазақ халқының экономикалық, саяси және мәдени прогреске орыстың озық мәдениетін үйренуі арқылы ғана қолы жетеді деген қорытындыға келген болатын.

Ол өзінің көптеген шығармаларында халқының мешеулігін қынжыла айтады, халқының қоғамдық өркендеуінің мардымсыз сатысында тұрғанын жазады. Ол Россиямен байланысты одан әрі өркендеу қазақ халқын мәдени және экономикалық жағынан жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді дегенде халық мүддесі тұрғысынан айтқан болатын. Ол ұлттық шектелушілікке ашықтан-ашық қарсы болып, халықтар достығы идеясын қорғады, аса өркендеген елдердің барлық жақсы қасиеттерін мешеу халықтардың үйренуі идеясын паш етті.

Қазақстандағы мешеулік пен мәдени артта қалушылықтан құтылуда Россияның шешуші рөлі дегенде ол мұны қазақ халқының ұлттық дербестігін жою деп түсінбеген. Ол өз ұлтының дарындылығы мен қабілетін бағалай білген. Ядринцев ол туралы «Шоқан өз халқын сүюден айныған жоқ, ол европалық ағартушылық пен өз халқының ұлттық қасиетін ұштастыруды армандады», [2, 150 б]- деп жазды.

Россия мен Қазақстанның өзара жақындасуы тарихи қажеттіліктен туып отырғанын ол терең де дұрыс түсіне білді және сол процесті өз халқын ортағасырлық мешеулік пен жоқшылықтан мүмкіндігінше тезірек құтқаруға пайдаланбақ болды. Бұл оның зор жетістігі еді.

Сонымен қатар Ш. Уәлиханов қазақ жеріне өктемдік пен заңсыздық әкелген патшалық колонизаторлық үкіметті батыл сынаушы болды. Көптеген шығармаларында, әсіресе, орыс достарына жазған хаттарында қазақ халқының қараңғылығын пайдаланып ашықтан-ашық тонап жатқан патша чиновниктері туралы өте ашына айтады. «Ашықтан-ашық аямай сорады», - деп дала әкімшілігі жайлы ызамен жазады.

Ш. Уәлиханов патша үкіметінің Қазақстандағы жүгенсіз қиянатшылығы қазақ халқында Россияға деген сенімсіздік тудыратынын және күні өткен әлеуметтік дәстүрлерді сақтап қалатынын түсінді. «Орыс басшыларының әрбір әрекетінен,- деп жазады Ш. Уәлиханов - қырғыздар басына қырсық, еркіне тежеу салынады деп түсінеді. Осыны түсінікті де, өйткені жер-жердегі заседательдердің әрекеті орыс басшылары осындай деген ой туғызады» [1, 303 б].

Осылай дей тұрғанмен, Ш. Уәлиханов қоғамды түпкілікті қайта құру үшін радикалды шаралардың қажет екенін түсіну деңгейіне көтеріле алмады. Ол қырсықтың бәрі отарлық системада емес, патшалық әкімшілігінің жекелеген өкілдерінде деп қате ұғынды. Осыдан келіп ол реакциялық чиновниктерді либералдық көзқарастағы адамдармен алмастыруға әрекет жасады.

Ш. Уәлиханов қоғамдық процестерді түсінуде идеалистік бағыт ұстағанымен материалистік тенденция көрсеткен жаңа ой-пікір оның шығармаларында баршылық еді. Бұл тұрғыдан алғанда оның «Сот реформасы жайында» деген еңбегі ерекше көзге түседі. Мұнда ол қалың бұқараның мүддесін көздеп, үстем таптың жүргізіп отырған реформаларының мән-мағынасы жәйлі мәселе көтереді.

Әзірленіп жатқан қазақ даласындағы сот реформасы жайлы өз пікірін айта келіп, Шоқан реформаларды қоғамдық-тарихи процесті ескере отырып қоғамдық өмірдің түрлі факторларын зерттей келіп, қарастыру керек деп жазды. Қоғамдық реформа жүргізудің маңызын ескере келіп, Шоқан Уәлиханов әлеуметтік іс-шаралардың негізінде жатқан түрлі теорияларды сын көзбен қарау қажет екенін атап көрсетеді.

Шоқан реформаның таптық сипатын дәлелдей отырып, байлар мен кедейлердің мүддесі біріне-бірі қарама-қарсы деген пікір айтады. Қоғамның қозғаушы күші таптық күрес екенін танығандай дәрежеге жетпесе де, Шоқан патриархалдық-феодалдық қазақ қоғамының екі тапқа: бір жағынан сұлтандар мен билер, байлар мен қожалар болып, қазақ қоғамының мәртебелі тобына, екінші жағынан, Уәлихановтың «дала пролетариаты» деп өзі айтқандай кедейлер тобына бөлінетінін өте айқын көреді. Бұл таптардың мүдделері біріне-бірі мүлдем қайшы,- дейді Уәлиханов, «...Қоғамның мәртебелі топтарының пікірлеріне халықтың шын мәнісіндегі мұң-мұқтажына қарсы пікірлер деп қарау керек, өйткені атақты және бай адамдардың мүдделері, тіпті мәдениетті қоғамдардың өзінде де бұқараның, көпшіліктің мүдделеріне көбінесе жау болады» [1, 350 б], - деп жазады Шоқан.

Қазақтың ұлы ғалымы және ағартушысы Шоқан Уәлихановтың өз халқына білім беріп, мәдениетін өркендету және оны патша үкіметі мен бай-шонжарлардың езгісінен, өктем озбырлығынан азат етіп, бақытты өмірге жеткізу жөніндегі асыл армандары өзі қайтыс болғаннан кейін көп жылдан соң жүзеге асырылды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін] / Ш.Ш. Уәлиханов ; Қазақстан Республикасы мәдениет министрлігі ; Қазақ кеңес энциклопедиясының Бас редакциясы ; [ғылыми редактор К. Есмағамбетов ; жауапты редактор Б. Е. Көмеков ; құрастырушылар: В. Я. Басин [ж. б.] : аудармашылар: Т. Ж. Жұманов, Д. Б. Мәзең] . - 2-бас. , - Алматы : Толағай групп , 2010. - Мәдени мұра.- 3000 дана . - ISBN 978-601-280-066-1 (1-том), ISBN 978-601-280-065-4 (мүк.) - Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы. - Мырзатай Жолдасбеков қоры . Есімдер көрсеткіші: 360-365 б., этникалық көрсеткіш: 366-367 б., географиялық көрсеткіш: 368-372 б. 1-том . - 375 б., суретті 3. К. Маркс және Ф. Энгельс. Шығармалары, 12-том, 615-бет.

2. Шоқан Уәлиханов және оның замандастары [Мәтін] / Қ. Абуев ... - Алматы : Лантар Трейд, 2018. - 247 б.

### **АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘНІ**

**Қалмахан Қ.Б.**

Ғылыми жетекші: Қоскеева Әсемгүл Мұратқызы,  
С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ қауым. проф. м.а., PhD доктор.  
[koskeeva@mail.ru](mailto:koskeeva@mail.ru)  
Астана қ.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы қазақ халқының саяси, әлеуметтік және мәдени өмірінде түбегейлі өзгерістер орын алған күрделі кезең болды. Ресей империясының отарлық саясаты қазақ қоғамының дәстүрлі басқару және шаруашылық жүйесін әлсіретіп, ұлттық тұтастыққа тікелей қауіп төндірді. 1867-1868 жылғы әкімшілік реформалар қазақ даласын империялық басқару жүйесіне толық енгізіп, жердің «мемлекеттік меншік» деп жариялануы жер дағдарысын тереңдетті. Бұл кезеңде ұлттық сананың оянуы, білімге ұмтылыс және қоғамды жаңғырту идеясы алдыңғы қатарға шықты. Осындай тарихи жағдайда жаңа саяси элита - ұлттық зиялылар қалыптасты. Олар Еуропа мен Ресей университеттерінде білім алып, батыстық демократиялық идеялармен сусындады. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Жақып Ақпаев сияқты қайраткерлер қазақ қоғамының болашағын білім, мәдениет және саяси дербестікпен байланыстырды. Алаш қозғалысы - осы озық ойлы зиялылардың бастамасы ретінде пайда болып, қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғауға бағытталған тарихи құбылысқа айналды. Қозғалыстың басты мақсаты - ұлттық автономия құру, қазақ жерінің тұтастығын сақтау, білім мен мәдениетті дамыту, құқықтық мемлекет қалыптастыру болды. 1917 жылы Алаш партиясының құрылуы және Алаш автономиясының жариялануы қазақ мемлекеттілігін жаңғырту жолындағы аса маңызды қадам болды. Қысқа уақыт өмір сүргеніне қарамастан, Алаш Орда үкіметі саяси ұйымшылдықтың, ұлттық жаңғырудың және мемлекетшілдік идеясының символына